




БҮЙРЫҚ
2015 ж. 29 қараша № 551

Астана қаласы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
кейбір бүйрықтарына
өзгерістер енгізу туралы

ПРИКАЗ



БҮЙЫРАМЫН:

1. «Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды кедендік декларациялау мен кедендік тазартудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 8 қантардағы № 9 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10236 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды декларациялауға аумактық мемлекеттік кірістер органының рұқсат беру, оны ұзарту, тоқтата тұру немесе кері қайтару қағидалары;»;

жоғарыда көрсетілген бүйрықпен бекітілген, Белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды декларациялауға аумактық мемлекеттік кірістер органының рұқсат беру, оны ұзарту, тоқтата тұру немесе кері қайтару қағидаларындағы:

1 және 2- тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қағида «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 295–бабының 5–тармағына сәйкес өзірленді және Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (бұдан әрі – ЕЭО СЭК ТН) бойынша бір сыныптама кодын көрсете отырып, белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды кедендік декларациялауға мемлекеттік кірістер

органының рұқсат беру (бұдан әрі – рұқсат), оны ұзарту, тоқтата тұру немесе кері қайтару тәртібін айқындайды.

2. Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауар (бұдан әрі – машина) деп кез келген тауарлар (тауарлар құрамасын қоса алғанда) жабдық, механизмдер, қондырғылар, аппараттар немесе ЕЭО СЭҚ ТН бойынша 84, 85 немесе 90-тауар топтарында сыныпталатын өзге қондырғылар түсініледі.»;

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды атауы және ЕЭО СЭҚ ТН бойынша сыныптау коды;»;

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) кеден ісі саласындағы уәкілетті орган берген тауарды жиналмаған түрдегі сыныптау туралы шешімнің түпнұсқасы (бұдан әрі – тауарды жиналмаған түрде сыныптау туралы шешім);»;

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) оларды ЕЭО СЭҚ ТН-ға сәйкес бір мәнді сыныптауға, сәйкестендіруге, саны және номенклатурасы бойынша есеп жүргізуге мүмкіндік беретін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлардың жекелеген құрамдастарының сипаттамасы;»;

1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес мынадай редакцияда жазылсын:

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды кедендік декларациялау және кедендік тазарту қағидаларындағы:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауар деп кез келген тауарлар (тауарлар құрамасын қоса алғанда) жабдық, механизмдер, қондырғылар, аппараттар немесе Еуразиялық экономикалық одағының Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы (бұдан әрі – ЕЭО СЭҚ ТН) бойынша 84, 85 немесе 90-тауар топтарында жіктелетін өзге қондырғылар түсініледі.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлардың құрамдастарын ЕЭО СЭҚ ТН бойынша бір сыныптама кодын көрсете отырып, кедендік декларациялауды декларант немесе кеден өкілі, кейін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларға арналған толық кедендік декларацияны берумен, Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы бір мезгілде өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлардың

құрамдастарына арналған кедендік декларацияны беру жолымен мынадай шарттар сақталған кезде жүргізеді:

1) мемлекеттік кірістер органы берген, оларды өткізу белгілі уақыт кезеңі ішінде әр түрлі тауар легімен болжанған жиналмаған түрдегі немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды сыныптау туралы шешімнің (бұдан әрі – жиналмаған түрдегі тауарды сыныптау туралы шешім) және аумақтық мемлекеттік кірістер органы берген, белгілі уақыт кезеңі ішінде өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды декларациялауға рұқсаттың (бұдан әрі – рұқсат) болуы;

2) жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауардың барлық құрамдастарының рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде бір сыртқы сауда шарты (лизинг шартын қоса алғанда, келісім–шарт) бойынша міндеттемелерді орындау шенберінде бір алушының мекенжайына жеткізілуі;

3) декларацияны декларант немесе кеден өкілі рұқсатта көрсетілген аумақтық мемлекеттік кірістер органына ғана беруі;

4) декларантта кедендік төлемдерді, салықтарды және олар бойынша өсімпұлдарды төлеу бойынша берешегінің болмауы.»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Сыртқы сауда шартының талаптарына сәйкес келмеген құрамдастар кері экспорт (Еуразиялық экономикалық одағының кедендік аумағына әкелінген құрамдастарға қатысты) кедендік рәсімінде қайтаруга жатады.»;

8-тармақтағы:

1) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.3 нөмірімен сыныптау туралы шешімге қосымшаға сәйкес ЕЭО СЭҚ ТН бойынша жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауардың декларацияланатын құрамдасының он таңбалы сыныптама коды көрсетіледі.»;

2)-тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «Тауар коды» 33-бағанында сыныптау туралы шешімге сәйкес ЕЭО СЭҚ ТН бойынша жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауардың он таңбалы сыныптау коды көрсетіледі.»;

9-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Еуразиялық экономикалық одағының кедендік аумағына әкелінген жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауардың құрамдастарын толық декларация бойынша жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауар шығарылғанға дейін монтаждауға (жинауға) жол беріледі.»;

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Толық декларация шығарылғаннан кейін шартты түрде шығарылған жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған

немесе жасалып бітпеген түрдегі тауардың құрамдастары Еуразиялық экономикалық одағының тауарлары мәртебесін алады.»;

11, 12 және 13-тармақтар мынадай редакцияларда жазылсын:

«11. Жиналмаған түрдегі тауарды сыйыптау туралы шешімге қосымшада көрсетілмеген тауарларға осы Қағиданың ережелері қолданылмайды. Бұл ретте мұндай тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың құқығымен жасалған халықаралық шарттар мен актілердің кедендік құқықтық қатынастарын реттеуге сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен декларацияланады.

12. ЕЭО СЭҚ ТН бойынша бір сыйыптама кодын көрсете отырып, жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауардың құрамдастарын кедендік тазарту осы Қағиданың 8–тармағында белгіленген құжаттар ұсынылған кезде жүргізіледі.

13. Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды және жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауар құрамдастарын кедендік тазарту кезінде уәкілетті лауазымды адам, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың құқығымен жасалған халықаралық шарттар және актілермен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін кедендік құқықтық қатынастарды қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып кедендік бақылауды жүргізеді.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Аумақтық мемлекеттік кірістер органының уәкілетті лауазымды адамы Еуразиялық экономикалық одақтың құқығымен жасалған халықаралық шарттар және актілермен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін кедендік құқықтық қатынастардағы бұзушылықтарды анықтаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдайды.»;

3. «Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының тауарларға кедендік тазартуды жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 246 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10874 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бүйрықпен бекітілген, Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының тауарларға кедендік тазартуды жасау қағидасындағы:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. ТД-ны қабылдаумен, тіркеумен және тіркеуден бас тартумен байланысты кедендік операциялар «Тауарға арналған декларацияларды тіркеу немесе тіркеуден бас тарту тәртібі туралы нұсқаулық туралы (бұдан әрі - Тауарға арналған декларацияларды тіркеу немесе тіркеуден бас тарту тәртібі)» Еуразиялық экономикалық комиссиясы Алқасының 2014 жылғы 2 шілдедегі № 98 шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Декларант немесе кеден өкілі ТД берген кезде уәкілетті лауазымды адам тауарларды кедендік декларациялау кезінде ұсынылатын Кодектің 281 және 282–баптарында көрсетілген құжаттардың бар болуын тексереді.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. ТД-ны тіркеуден бас тартуды уәкілетті лауазымды адам Тауарға арналған декларацияны тіркеу емесе тіркеуден бас тартуды тәртібіне сәйкес ресімдейді.»;

28-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тексеріп қарау тобының лауазымды адамы декларантты немесе тауарларға қатысты өкілеттігіне ие өзге адамды жүргізетін кедендік тексеріп қараудың (қарап тексерудің) орны мен уақыты туралы хабарлайды.»;

35-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Кодектің 296–бабында көрсетілген тауарларды шығару шарттарын сақтамаған кезде уәкілетті лауазымды адам Кодектің 297–бабымен белгіленген тауарларды шығарудың шекті мерзімінің өтуінен кешіктірмей Тауарға арналған декларацияны тіркеу немесе тіркеуден бас тарту тәртібіне сәйкес тауарларды шығарудан бас тартады.»;

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«76. Уәкілетті лауазымды адам ТД шығарудан бас тартуды Тауарға арналған декларацияны тіркеу немесе тіркеуден бас тарту тәртібіне сәйкес ресімдейді.».

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіrkегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімдік баспа басылымдарына және «Әдіlet» ақпараттық құқықтық жүйесіне жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі**



Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 29 қазанды
№ 551 бұйрығына
1-қосымша

Белгіленген уақыт кезеңі ішінде
өткізілетін жиналмаған немесе
бөлшектелген түрдегі, оның ішінде
жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген
түрдегі тауарларды декларациялауға
аумақтық мемлекеттік кірістер органының
рұқсат беру, оны ұзарту, тоқтата тұру
немесе кері қайтару қағидалары
1-қосымша

Нысан

**Белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілетін жиналмаған немесе
бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып
бітпеген түрдегі тауарларды декларациялауға рұқсат**

(декларанттың	атауы,	занды	мекенжайы)
---------------	--------	-------	------------

(құжаттар туралы жалпы мәліметтер) Жиналмаған түрде ЕЭО СЭҚ ТН бойынша тауарды сыйыптау туралы № шешім

Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды атауы және оның ЕЭО СЭҚ ТН бойынша сыйыптау коды _____

Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлардың құрамдас элементтерінің атауы және олардың ЕЭО СЭҚ ТН бойынша сыйыптау коды _____

Келісім-шарт бойынша Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлардың құны _____

Кедендей тазарту жүргізілетін мемлекеттік кірістер органды

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

Тауарды әкелу мерзімі _____
 Рұқсаттың қолданылу мерзімі _____
 Өзге мәліметтер _____
 (ерекше белгілері)

Мемлекеттік кірістер
 органының басшысы _____ Т.А.Ә.
 (қолы)

М.О.



8 Казақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2015 жылғы 29 қазандығы
 № 551 бұйрығына
 2-қосымша

Белгіленген уақыт кезеңі ішінде өткізілетін
 жиналмаган немесе бөлшектелген түрдегі,
 оның ішінде жиынтықталмаган немесе
 жасалып бітпеген түрдегі
 тауарларды декларациялауға аумақтық
 мемлекеттік кірістер органының рұқсат
 беру, оны ұзарту, тоқтата тұру немесе кері
 қайтару қағидасына қағидалары

2-қосымша
 Нысан

Рұқсаттарды тіркеу журналы

Рұқсаттың №	Рұқса ттың қолда нылу мерзі мі (ККА АЖЖ)	Сыны птау турал ы шешім нің №	Декла рантт ың атауы	Шартты н (келісім – шартты н/ерекш еленеті н) деректе мелері	ЕЭО СЭҚ ТН бойын ша жинал маған немесе бөлше ктелге н түрдегі , оның ішінде жиынты қтал маған немесе жасал ып бітпеге н түрдегі тауарл ардың коды	Келісі м- шарт бойын ша жинал маған немесе бөлше ктелге н түрдег і, оның ішінде жиынты қтал маған немесе жасал ып бітпеге н түрдегі тауарл ардың күні	Жиналм аган немесе бөлшек телген түрдегі, оның ішінде жиынты қталм аган немесе жасалы п бітпеге н түрдегі тауарла рдың барлық құрамда старын жеткізу мерзімі	Өзге мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе:

Рұқсаттың нөмірі мына түрде қалыптастырылады:

XXXXX-XXXXX/ККААЖЖ/0000, мұнда:

1 2 3 4

1) XXXXX - рұқсатты берген аумақтық мемлекеттік кірістер органының коды;

2) XXXXX - кедендік тазартуды жүргізетін аумақтық мемлекеттік кірістер органының коды;

3) ККААЖЖ - рұқсатты беру күні (күні, айы және ағымдағы жылдың соңғы еki саны);

4) 0000 - рұқсаттың реттік нөмірі.

